



Автор: Туребекова Молдир Жантаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер

Тақырып: Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.1.1 - Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 - Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 - Қазақстан территориясын дағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдыларын дамытып, арнайы - пәндік ғылыми тілдің оқытылуын қалыптастыру. Оқушылар: 1. Сақ-тиграхауда, сақ – хаумоварга, сақ – парадария, азиялық скифтер, тайпалық одақтар, патша, әскери кеңес, әскери көсемдер, Ұлы қоныс аудару, ғұндар, шанью, үйсін, гуньмо 2. Өркениет, рухани мәдениет, материалдық мәдениет, Ұлы дала, аннотация, т.б Пәндік лексика мен терминология: Кезең, ғасыр, уақыт, одақ, мемлекет, саяси т.б Диалог пен жазуға пайдалы сөздер тізбегі: Тайпалық одақтың қалыптасу ерекшелігі..... Сақ тайпалық одақтардың бірігіу.....
Бағалау критерийлері:	Топтық жұмыс арқылы тайпалық одақтардың мемлекеттілігін қалыптастыру кезеңдерін анықтайды Сақтар, Үйсіндер және Ғұндардың саяси жүйесін талдау. Хронологиялық сызық арқылы мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдерін көрсету.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» Отанымыздың игілігі үшін өмір бойы оқитын, академиялық білімге балалардың қызғушылығын арттыру. Сабақтың элементтері өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі тануға, оқушылар арасында сыни ойлауды дамытуға және білім берудегі үш тілдік саясатты іске асыруға бағытталған.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ сабақ үдерісінің барлық кезеңдерінде орындалуы мүмкін. бейнематериалдар мен тақырыптық суреттерді, интерактивті диалогты іске асыру, миға шабуыл жасау кезеңдерінде қолданады.
Пәнаралық байланыс:	Дүние жүзі тарихы пәні және география пәндерімен байланысты
Бастапқы білім:	Тарих, тайпалық одақтар, темір дәуірі, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы, мал шаруашылығы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру В Сәлемдесу (көңіл күйін көтеру) ЖС В 1. Әдіс «миға шабуыл» иллюстрациялық көрнекіліктер бойынша: - - Не көріп тұрсыз? - Не туралы болуы мүмкін? - Суреттерді біріктіріп, негізгі идеяны анықтаңыз?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 мин)	<p>М Сабақ тақырыбы, оқу мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру.</p> <p>Карта арқылы мұғалім түсіндірмесі Т зерттеу және топтық жұмыс Ғылыми-зерттеу жұмыстары: топтық жұмысты қорыту мақсатында (дайындық: 20 минут, қорғау: 9 минут (топқа 3 минут) Ұсынысы: Топтарға қажетті материалдарды (мысалы, ноутбук, планшет немесе әдебиет) жеткізіңіз. 1-топ: Қазақстан территориясында сақ тайпалық одақтарының қалыптасуы Тапсырманың критерийі: Ақпараттың толық ұсынылуы; Сақтардың саяси құрылымының ерекшеліктері; Ресурстарға сілтеме 2-топ: Қазақстан аумағындағы Үйсін мемлекеті Тапсырманың критерийі: Ақпараттың толық ұсынылуы; Үйсіндердің саяси құрылымының ерекшеліктері; Ресурстарға сілтеме 3-топ: Ғұндар мемлекеті Тапсырманың критерийі: Ғұндардың қалыптасу ерекшелігі; Әлеуметтік топтасу ерекшелігі; Негізгі тарихи кезеңдерді жағдайларды ажыратады 5мин. Хронологиялық сызық. Оқушылар белгілі бір кезеңде негізгі тарихи оқиғаларды жазады. Т «ТТҰ кестесі» (топтар өзара бағалау жүргізеді) (3 мин) Т. Таблица толтыру. 10 мин. Сақтар Үйсіндер Ғұндар Қалыптасуы Саяси құрылысы Тайпалық одақтар мен мемлекеттер туралы деректер Қорытынды</p>	<p>Сақтардың қалыптасуы http://e-history.kz/kz/contents/view/saktar__259 Үйсіндер http://e-history.kz/kz/contents/view/257 Ғұндар http://e-history.kz/kz/contents/view/gundar__504 Хронологиялық тарихы http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/ancient/history/ Сақтар туралы https://www.youtube.com/watch?v=4A1HjjUPTas</p> <p>Үйсіндер тарихы https://www.youtube.com/watch?v=WOSIWwjeJmU</p>
Сабақтың соңы (10)	<p>Эссе тақырыбы: Сақтар, Үйсін және Ғұн тайпалық одақтарындағы мемлекеттіліктің қалыптасуы. Критерийлер: 1. Мемлекеттілік, билік, саяси құрылыс терминдерін қолдану. 2. Тайпалық одақтардың хронологиялық қалыптасу кезеңдерін білу. 3. Тақырып бойынша 2-3 дәлел келтіріңіз 4. 120-150 сөз. Б. Қорытынды: бүгінгі зерттеулер мен ақпарат алмасу барысында алған білімдерін қолданып үшбұрыш әдісімен қорытынды жасау</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	